

## **Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 556 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

## **Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы**

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, елде ақпараттық технологиялардың жаңа экспортқа бағдарланған және импорт алмастырушы саласын құру және Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және инновациялық мүмкіндігін неғұрлым толық пайдалану мақсатында қаулы етемін:

1. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) 2013 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімге құрылсын.

2. АЭА туралы ереже (1-қосымша) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 10, 108-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында:

6-бөлім 8 "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын

қалыптастыру және дамыту" кіші бағдарламасымен (2-қосымша) толықтырылсын.

#### 4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір айлық мерзімде 8 "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын қалыптастыру және дамыту" кіші бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шараларды енгізе отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 қаулысымен бекітілген 2001-2003 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ұлттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына тиісті өзгерістер енгізсін;

2) жеңілдікпен салық салуда жеңілдік беру және АЭА қызметін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін өзгерту мен толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

3) АЭА қызметін қамтамасыз ету жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық 2003 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_ Жарлығына

1-қосымша

### **"Ақпараттық, технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы ереже**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында шаруашылық қызметін жүзеге асырудың құқықтық және экономикалық негіздерін белгілейді.

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Алматы қаласының Медеу ауданы Алатау кентінің аумағында және Алматы облысының іргелес жерлерінде орналасқан.

АЭА аумағы кемінде 300 гектар, бірақ 400 гектардан артық болмайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. А Э А :

ақпараттық технологиялар саласын дамыту;  
республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін  
ж а н д а н д ы р у ;

жоғары тиімділікті, оның ішінде жоғары технологиялы және экспортқа бағдарланған жаңа ақпараттық технологиялар өндірістерін құру, ақпараттық технологиялар өнімдерінің жаңа түрлерін шығаруды игеру;  
инвестицияларды тарту мақсатында құрылады.

3. АЭА аумағындағы негізгі қызмет түрлері:

1) АЭА-тың бизнес-жоспарлардың, техно-жұмыс жобаларының, жобалау-сметалық құжаттаманың; құрылыс-жөндеу жұмыстарының; АЭА аумағын жайландыру жөніндегі жұмыстарды әзірлеуді қамтитын қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру;

2) халықаралық стандарттар бойынша ақпараттық технологиялар саласында жоғары білікті сертификациялық мамандарды дайындау және қайта дайындау;

3) мыналар бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету мен деректер базасын жобалау,  
әзірлеу, енгізу, тәжірибелі өндіріс және өндіріс:

жетекші өндірушілердің бағдарламалық өнімдерін мемлекеттік тілге  
ж е р г і л і к т е н д і р у ;

стратегиялық маңызды салаларда математикалық үлгілеу;  
деректер берудің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелері мен желілері;

басты салалардағы интернет жүйелер;

ақпараттық қауіпсіздік жүйелері;

өндірістегі технологиялық процестерді басқару мен бақылаудың  
автоматтандырылған жүйелері;

4) мыналар бойынша аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу, тәжірибелі  
ө н д і р і с және ө н д і р і с :

GPS GPNS және басқа да негіздегі мобильдік жүйелер саласындағы жаңа  
т е х н о л о г и я л а р ;

ақпаратты сақтау, өңдеу және беру деңгейіндегі ақпараттық қауіпсіздік құралдары;  
деректер берудің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелері мен желілері;

ақпараттық технологиялардың аппараттық құралдарына арналған элементтік база;  
жер аумағын арақашықтықта зондтау жүйелері;

5) жасанды иммундық және нейрондық жүйелердің негізінде жаңа ақпараттық  
т е х н о л о г и я л а р құ р у ;

б) ақпараттық технологиялар саласында маркетингілік зерттеулер;

7) ақпараттық технологиялар саласында жобалар жасау және енгізу жөнінде  
ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізу.

4. АЭА қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен реттеледі.

АЭА аумағында акцизделетін өнім өндірісімен байланысты қызметке тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта арнайы экономикалық аймақ туралы заңнамада көзделгендерден басқа өзге де ережелер көзделінсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **2. АЭА басқару және атқарушы органның өкілеттері**

5. АЭА басқаруды Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын (бұдан әрі - Атқарушы орган) орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

6. Атқарушы орган мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, айрықшаландырылған мүлкі болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады, міндеттеме арқалайды, сотта қуынушы және жауап беруші бола алады, сондай-ақ өзінің атауы бар мөрі болады және басқа да қажетті реквизиттері болады.

7. Атқарушы орган АЭА аумағында жалпыға міндетті күші бар кесімдер шығарады.

## **3. Атқарушы органның өкілеттері**

8. Атқарушы орган:

АЭА даму стратегиясы мен бағдарламасын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады;

АЭА аумағында мемлекеттік және басқа да органдардың өзара қимылын қамтамасыз етеді;

АЭА дамыту және оның құру мақсаттарына қол жеткізу үшін отандық және шетелдік инвестицияларды, сондай-ақ несиелік қаражаттар тартуды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **4. АЭА аумағында салық салу**

9. АЭА аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **5. Кедендік реттеу**

10. АЭА аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін кеден аймағының режимі қолданылатын Қазақстан Республикасының кедендік аумағының бөлігі болып табылады. АЭА шекаралары оның периметрі бойынша арнайы қоршаумен ж а с а қ т а л а д ы .

11. АЭА аумақтарында кедендік ресімдеу және бақылау кеден заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

12. ЕЭА құру мақсаттарына қол жеткізу үшін Сыртқы экономикалық қызмет номенклатурасының тауарлық кодтарының (бұдан әрі - СЭҚ ТН) жіктемесіне сәйкес тауарлар тізбесі

-----  
С Э Қ ! С Э Қ Т Н а т а у ы  
Т Н N !  
-----

3923 Пластмассадан жасалған тауарларды тасымалдау немесе  
буып-түюге арналған бұйымдар; пластмассадан жасалған  
тығындар, қақпақтар, қалпақшалар мен тығындауға арналған  
басқа да бұйымдар

3925 Басқа жерлерде аталмаған пластмассадан жасалған құрылыс  
материалдары

3810 Металдардың жоғарғы қабаттарын жебірлеу үшін препараттар;  
флюстер мен соның ішінде нашар балқитын дәнекермен, немесе  
пісіру үшін дәнекерлеуге қосалқы өзге де препараттар; соның  
ішінде нашар балқитын дәнекермен, немесе пісіру үшін  
металдар мен басқа да материалдардан тұратын ұнтақтар мен  
пасталар; пісіру электродтары немесе сымдар үшін өзекшелер  
немесе жабулар ретінде пайдаланылатын материалдар

4010 Вулкандалған рэзеңкеден жасалған конвейерлік таспалар  
немесе жетек белдіктер немесе бельтинг (белдіктер үшін  
рэзеңкеленген мата)

4407 Бойлай кесілген немесе жарылған, сүрілген немесе аршылған,  
жоңылған немесе жоңылмаған, тегістелген немесе  
тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жалғау қапсырмасы бар  
немесе жоқ ағаш материалдар

4411 Ағаштан немесе шайыр немесе басқа да органикалық заттар  
қосылған немесе қосылмаған басқа да ағаштандырылған  
материалдардан жасалған ағаш талшықты тақталар

4802 4801 немесе 4803 тауар шебіндегі қағаздан басқа жазуға,  
баспаға немесе басқа да графикалық мақсаттарға  
пайдаланылатын жылтыратылған қағаз бен қатырма,

- перфокарталық қағаз бен орамдағы немесе парақтағы перфотаспа үшін қағаз, қолдан құйылатын қағаз бен қатырма.
- 4809 Беттік суреті бар немесе суреті жоқ, орамдағы немесе парақтағы көшірмелік көміртегі қағазы, өздігінен көшірілетін немесе басқа да көшірме немесе аударма қағаз (трафареттер, көшіру аппараттары немесе офсеттік баспа пластиналары үшін жабындалған немесе сіңдірілген қағаз)
- 4810 Орамдағы немесе парақтағы байланыстырушы заттарды пайдаланумен немесе байланыстырушы заттарсыз, қандай да бір басқа да жабуларсыз, оның ішінде боялған әрлік жабуы бар немесе баспамен түсірілген бейнелер салынған бір немесе екі жағынан кволинмен (қытай балшығы) немесе басқа да органикалық емес заттармен жылтыратылған қағаз бен қатырма
- 5904 Нысан бойынша пішілген немесе пішілмеген линолеум; нысан бойынша пішілген немесе пішілмеген тоқымалық негіздегі едендік жабу үшін материалдар
- 6806 Шлакмақта, минералдық силикаттық мақта және соған ұқсас минералдық мақта; қабатталған вермикулит, кеуектелген балшық, көбіктелген шлак және соған ұқсас басқа да минералдық өнімдер; 6811 немесе 6812 тауарлық шептің немесе 69 топтың бұйымдарынан басқа жылуоқшаулағыш, дыбысоқшаулағыш немесе дыбысты жұтқыш минералдық материалдардан жасалған қоспалар мен бұйымдар
- 6808 Панельдер, тақталар, тақташалар, блоктар және өсімдік талшықтарынан, сабаннан немесе жоңқадан, жаңқадан, бөлшектемелерден, үгіннен немесе цементпен, гипспен немесе басқа да минералдық байланыстырғыш заттармен жымдастырылған басқа да ағаш қалдықтарынан жасалған осыған ұқсас бұйымдар
- 6809 Гипстен немесе соның негізіндегі қоспалардан жасалған бұйымдар
- 6810 Цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған, бекемдетілген немесе бекемдетілмеген бұйымдар
- 6811 Асбоцементтен, целлюлоза талшықтары бар цементтен немесе соған ұқсас материалдардан жасалған бұйымдар
- 6901 Кірпіштер, блоктар, тақташалар және кремнийлі тас ұнының (мысалы кизельгурдан, триполиттен немесе диотомиттен) немесе басқа да осыған ұқсас кремний жыныстарынан жасалған басқа да керамикалық бұйымдар

- 6902 Кремнийлі тас ұнының немесе басқа да соған ұқсас кремний жыныстарынан жасалған бұйымдардан басқа отқа төзімді кірпіштер, блоктар, тақташалар мен соған ұқсас отқа төзімді керамикалық құрылыс материалдары
- 6904 Құрылыс кірпіші, еден үшін блоктар, көтергіш немесе қаптамалық тақташалар, және керамикадан жасалған осыған ұқсас бұйымдар
- 6905 Черепица, дефлекторлар, түтін трубалары үшін зонттар, түтін шығатын бөліктер, сәулеттік әшекейлер және керамикадан жасалған өзге де құрылыс бөлшектері
- 6906 Керамикалық трубалар, оқшаулағыш құбыр өткізгіштер, су қайтарғыштар мен құбыр фитингтері
- 6907 Төсеу үшін тақталар, еденге, пешке, каминдерге немесе қабырғалар үшін қаптаулық глазуурленген керамикалық тақташалар, мозаикалық жұмыстарға арналған глазуурленген керамикалық текшелер және соған ұқсас соның негізіндегі және сонсыз жасалған бұйымдар
- 6908 Төсеу үшін тақталар, еденге, пешке, каминдерге немесе қабырғалар үшін қаптаулық глазуурленген керамикалық тақташалар, мозаикалық жұмыстарға арналған глазуурленген керамикалық текшелер және соған ұқсас соның негізіндегі және сонсыз жасалған бұйымдар
- 6909 Зертханалық, химиялық немесе басқа да химиялық мақсаттар үшін бұйымдар, керамикалық науалар, күбілер және ауыл шаруашылығында пайдаланылатын соған ұқсас резервуарлар, керамикалық түбектер, банкілер (құмыралар) және тауарларды тасымалдауға немесе буып-түю үшін пайдаланылатын соған ұқсас бұйымдар
- 6910 Раковиналар, қол жуғыштар, раковиналардың консолдары, ванналар, биде, унитаздар, су құятын бачоктар, писсуарлар және соған ұқсас керамикадан жасалған санитарлық-техникалық бұйымдар
- 7003 Жұтатын, шағылысатын немесе шағылыспайтын қабаты бар немесе жоқ, бірақ қандай да болмасын тәсілмен өңделмеген құйылған және тегіс, парақтық немесе кескінделген әйнек
- 7017 Зертханалық, гигиеналық немесе фармацевтикалық мақсаттар үшін градуирленген немесе градуирленбеген, калибрленген немесе калибрленбеген ыдыс

- 7210 Темірден немесе беріктелмеген болаттан жасалған қалыңдығы 600 мм немесе одан да астам жалпақ, плакирленген, гальваникалық немесе басқа да жабуы бар прокат
- 7216 Темірден немесе беріктелмеген болаттан жасалған бұрыштар, фасондық және арнаулы кескіндер
- 7304 Қара металдан (болат құймасынан басқа) жасалған қуыс, жігі жоқ, құбырлар, түтікшелер мен кескіндер
- 7307 Трубалар немесе түтікшелерге арналған қара металдан жасалған фитингілер (мысалы, жалғағыштар, иіндер, бұрандакемерлер)
- 7308 Қара металдан жасалған металл конструкциялар (9406 тауарлық шептегі жиналмалы құрылыс конструкцияларынан басқа) және олардың бөліктері (мысалы, көпірлер және олардың секциялары, шлюздер қақпасы, мұнаралар, торлы мачталар, төбе жапқыштары, құрылыс фермалары, есіктер мен терезелер және олардың жақтаулары, есіктерге арналған табалдырықтар, суағарлар, балюстрадтар, тіреуіштер мен бағандар); парақтар, сымшалар, бұрыштар, фасондық кескіндер, құбырлар мен металл конструкциясында пайдалану үшін қара металдан жасалған соған ұқсас бұйымдар
- 8473 Айрықша немесе негізінен 8469-8472 тауарлық позиция машиналарына арналған бөліктер мен керек-жарақтар (қораптарды, қаптауларды және ұқсас бұйымдарды қоспағанда)
- 8475 Электрлік немесе электрондық шамдарды, түтікшелерді немесе электрондық-сәулелік түтікшелерді немесе шыны колбаларда газ разрядты шамдарды құрастыруға арналған машиналар; шыныны дайындау немесе ыстықтай өңдеу немесе шыныдан бұйымдар дайындауға арналған машиналар
- 8477 Резинаны немесе пластмассаны өңдеуге арналған немесе басқа жерлерде аталмаған осы материалдардан жасалатын өнімдерді өндіру үшін жабдық
- 8504 Электрлік трансформаторлар, статикалық электрлік қайта жасаушылар (мысалы түзеткіштер), индуктивтік катушкалар және дросселдер
- 8505 Электромагниттер; тұрақты магниттер және магниттеуден кейін тұрақты магниттерге айналдыруға арналған бұйымдар; электромагниттік немесе тұрақты магниттермен қыспалы қысқылар, қарпығыштар және осыған ұқсас жазып алушы құрылмалар; электромагнитті ұстасулар, муфталар және тежегіштер; электромагниттік көтергіштер бастиектер



- 8506 Бастапқы элементтер және бастапқы батареялар
- 8514 Өнеркәсіптік немесе зертханалық электрлік пештер мен камералар (индукциялық немесе диэлектрлік қыздыру пештерін қоса алғанда); индукциялық термикалық өңдеу немесе басқа диэлектрлік қыздыруға арналған өнеркәсіптік немесе зертханалық жабдық
- 8515 Электрлік (оның ішінде газды электрлік қыздырумен), лазерлік немесе басқа жарық немесе фотондық, ультрадыбыстық, электрондық-сәулелік, магниттік-импульстік немесе плазмалық-доғалық және басқа баяу балқитын дәнекерлегіштер немесе кесу операцияларын олардың орындай алатындығына немесе орындай алмайтындығына қарамастан, пісіргіштер үшін машиналар мен аппараттар; металдарды немесе металлокерамикаларды ыстық шаңдатуға арналған электр машиналары мен аппараттары
- 8517 Электрлік телефондық немесе сымсыз трубкалы телефон аппараттарын қоса алғанда, сымдық байланыс үшін телеграфтық аппараттар және жеткізілетін жиіліктегі сымдық байланыс жүйесіне немесе цифрлық сымдық байланыс жүйелеріне арналған аппараттар; көрініс фондары
- 8518 Микрофондар және оларға арналған тұғырықтар: корпустарда құрастырылған немесе құрастырылмаған дауыс күшейткіштер; басты телефондар, құлақтықтар және микрофон/дауыс күшейткіш кешендері; дыбыс жиілігіндегі электрлік күшейткіштер; электрлік дыбыс күшейту құрылғылары
- 8523 Дыбыс жазу немесе 37 топ бұйымдарынан басқа осыған ұқсас басқа құбылыстардың жазбалары үшін дайын, жазылмаған тасымалдағыштар
- 8524 Табақшалар, ленталар және дыбыс немесе осыған ұқсас жазбаларды жазу үшін басқа тасымалдағыштар, 37 топ бұйымдарынан басқа грампластинкаларды дайындау үшін матрицалар мен нысандарды қоса алғанда жазылғандар
- 8525 Радиотелефонға, радиотелеграфтық байланысқа, радио хабарларына немесе теледидарға арналған беруші, өзіне қабылдауды қамтитын немесе қамтымайтын, дыбыс жазушы немесе аппаратураны ұдайы өндіруші аппаратура; телевизиялық камералар; кадрлық бейнелеу видеокамералары және басқа жазу видеокамералары

- 8526 Радиолокациялық, радионавигациялық аппаратура және дистанциялық басқару радиоаппаратура
- 8528 Радио хабарларын қабылдағышпен немесе жазатын немесе дыбысты немесе бейнелеуді ұдайы өндіретін аппаратурамен қосарланған немесе қосарланбаған телевизиялық байланысқа арналған қабылдау аппаратурасы; видеомониторлар және видеопроекторлар
- 8529 Айрықша немесе негізінен 8525-8528 тауарлық позициялар аппаратураларына арналған бөліктер
- 8531 8512 немесе 8530 тауарлық позициядағы жабдықтардан басқа дыбыстық немесе жарық дабыл беру электр жабдығы (мысалы, қоңыраулар, дыбыс тудырғыштар, индикаторлық панельдер, күзет жабдығы немесе автоматтық өрт белгілерін беруге арналған жабдық)
- 8532 Тұрақты, ауыспалы немесе үйлестірілетін электр конденсаторлар
- 8533 Жылытқыш элементтерден басқа электр резисторлары (реостаттар мен потенциометрлерді қоса алғанда)
- 8534 Баспалық схемалар
- 8536 Коммутацияларға немесе электрлік тізбектерді қорғауға немесе электрлік тізбектерге жалғауға немесе электрлік мақсаттарға арналған кернеуі 1000 В артық емес электрлік аппаратура (мысалы, қосқыштар, ауыстырып-қосқыштар, үзгіштер, реле, тербелістерді сөндірушілер, ашалық ашалар және розеткалар, электр шамдарына арналған патрондар, жалғаушы коробкалар)
- 8537 Электр тоғын басқару немесе тарату үшін 8535 немесе 8536 тауарлық позициядағы екі немесе одан көп құрылғылармен жабдықталған оның ішінде өзіне 90 топ аспаптары немесе құрылғыларын және 8517 тауарлық позициядағы коммутациялық құрылғылардан басқа басқарудың цифрлық аппараттарын қамтитын пульттер, панелдер, консолдар, столдар, үлестіру щиттері және басқа электр аппаратураларына үшін негіздер
- 8538 Айрықша немесе негізінен 8535, 8536 немесе 8537 тауарлық позициялар аппаратураларына арналған бөліктер
- 8539 Жарыққа бағытталған бітеу шамдарды, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызыл шамдарды қоса алғанда, электрлік газразрядтық қыздыру шамдары; доғалық шамдар
- 8540 Жылу катодты, суық катодты немесе фотокатодты электронды шамдар мен түтікшелер (мысалы, вакуумдық немесе бу- немесе газбен толтырылған шамдар мен түтікшелер, сынаптық

- түзеткіштерге арналған шамдар мен түтікшелер және электрондық сәулелік түтікшелер, таратқыш телевизиялық түтікшелер)
- 8541 Диодтар, транзисторлар және осындай шала өткізгішті аспаптар; модульге жинақталған немесе жинақталмаған, панельге қоса салынған немесе қоса салынбаған фотогальваникалық элементтерді қоса алғанда, фотосезгіш шала өткізгішті аспаптар; жарық шығарушы диодтар; жинақтағы пьезоэлектрлік кристалдар
- 8542 Электрондық интегралдық схемалар және микрожинақтар
- 8543 Жеке функцияларға ие болатын, басқа жерде аталмаған электрлік машиналар және аппаратура
- 8544 Оқшауланған сымдар (эмальданған немесе анодталғандарды қоса алғанда), кабельдер (коаксильділерді қоса алғанда) және басқа жалғастырушы бөлшектермен және оларсыз оқшауланған электрлік сымдар; электр өткізгіштермен немесе жалғастырушы элементтермен жинақта бар немесе жоқ екендігіне қатыссыз жеке қабықшалар талшықтарынан құралған талшықты-оптикалық кабельдер
- 8609 Бір немесе бірнеше көлік түрлерімен тасымалдау үшін арнайы мақсатталған және жабдықталған контейнерлер (сұйық жүктерді тасымалдауға арналған ыдыстарды қоса алғанда)
- 9006 Фотокамералар (кинокамераларды қоса алғанда); 8539 тауарлық позициядағы газразрядты шамдардан басқа фотожарығы (тұтану) және жарық-шамдары
- 9010 Басқа жерде осы топта аталмаған фото- және кинозертханаларға арналған аппаратура және жабдық (түрлі сәулелермен әсерленген шала өткізгіш материалдарға схемалардың бейнелерін салуға немесе үлкейтіп көрсетуге арналған аппаратураны қоса алғанда); негатоскоптар; проекциялық экрандар
- 9011 Микрофототүсірулерге, микрокинотүсірулерге немесе микроүлкейтулерге арналған микроскоптарды қоса алғанда, оптикалық күрделі микроскоптар
- 9012 8539 оптикалықтан басқа микроскоптар; дифракциялық аппараттар
- 9016 Сезгіштігі 0,05 г немесе одан көбірек түрлі гирлермен немесе оларсыз таразылар

- 9017 Сызуға, таңбалауға және математикалық есептеулерге арналған құрал-саймандар (мысалы, сызу машиналары, пантографтар, транспортирлер, сызу жинақтары, логарифмдік сызғыштар, дискілік калькуляторлар); басқа жерде аталмаған сызықтық мөлшерлерді өлшеуге арналған қол құрал-саймандары (мысалы, өлшеу өзекшелері және рулеткалар, микрометрлер, кронциркульдер)
- 9029 Айналымдар саны мен өнім санын есептегіштер, таксометрлер, милеометрлер, қадам өлшегіштер және осындай аспаптар; 9014 немесе 9015 тауарлық позицияда көрсетілгендерден басқа спидометрлер және тахометрлер; стробоскоптар
- 9031 Басқа жерде осы топта аталмаған өлшеу немесе бақылау аспаптары, құрылғылар мен машиналар; профильдік проекторлар
- 9033 90 топтағы машиналарға, аспаптарға, құрал-саймандарға немесе аппаратураға арналған бөліктер және керек-жарақтар (басқа жерде осы топта аталмаған)
- 9106 Тәулік уақытын тіркеуге арналған аппаратура және кез келген сағат механизмімен немесе синхронды қозғалтқышпен (мысалы, уақытты тіркегіштер, уақытты жазу құрылғылары) уақыт аралығын қандай да болсын тәсілмен өлшеу, тіркеу немесе индекстеуге арналған аппаратура
- 9107 Кез келген түрдегі немесе синхронды қозғалтқышпен сағаттық механизмді уақытша қайта алып қосқыштар
- 9401 Кереуетке немесе оның бөлшегіне өзгертілетін отыруға арналған жиһаз (9402 тауарлық позицияда көрсетілгеннен басқа)
- 9403 Басқа жиһаз және оның бөліктері
- 9406 Құрылыстық жинақтық құрылымдар
- 7313 Қара металдан жасалған тікенек сым: өрме немесе жалпақ сым, тікенек немесе тікенек емес, еркін қос бұрамалы, қара металдан қоршауға арналып жасалған сым
- 7314 Металдан жасалған мата (үздіксіз таспаны қоса алғанда), қара металдан жасалған решоткалар, торлар мен сымнан жасалған қоршаулар, қара металдан жасалған еленіп-сорылған табак
- 7317 Шегелер, бастырмалар, сызбалық бастырмалар, қырлы шегелер, қапсырмалар (8305 тауарлық жайғасымға енгізілгеннен басқа)

және қара металдан жасалған ұқсас бұйымдар, мыс қалпақты бұйымдардан басқа, қалпақты және қалпақсыз басқа материалдардан жасалған шегелер

7318 Болттар, бұрандалар, сомындар, глухарлар, күшпен енгізетін ілмектер, тойтармалар, кілтектер, сіргелер, тығырықтар (серіппеліні қоса алғанда) және қара металдан жасалған ұқсас бұйымдар

7322 Қара металдан жасалған орталықтан жылытуға арналған электрлік емес радиаторлар және олардың бөліктері; электрлік емес қоса салынған желдеткіштерімен ауа жылытқыштар мен ыстық ауа беруге арналған тарату құрылғылары (таза немесе конденсатталған ауа берілуге арналған құрылғыны қоса алғанда) немесе қара металдан жасалған двигателден жетегі бар ауа үрлегіштер мен олардың бөліктері

7408 Мыс сым

7410 Қорғасын фольгасы (негізсіз немесе қағаздан, қатырма қағаздан, пластмассадан немесе ұқсас материалдан жасалған негізі бар), қалыңдығы 0,15 мм ден аспайтын (негізін есептемегенде)

7415 Шегелер, бастырмалар, сызбалық бастырмалар, қапсырмалар (8305 тауарлық жайғасымға енгізілгеннен басқа) және мыстан немесе қара металдан жасалған мыс қалпақты ұқсас бұйымдар, болттар, бұрандалар, сомындар, глухарлар, күшпен енгізетін ілмектер, тойтармалар, кілтектер, сіргелер, тығырықтар (серіппеліні қоса алғанда) және мыстан жасалған ұқсас бұйымдар

7605 Алюминий сым

7607 Алюминий фольгасы (негізсіз немесе қағаздан, қатырма қағаздан, пластмассадан немесе ұқсас материалдан жасалған негізі бар), қалыңдығы 0,2 мм ден аспайтын (негізін есептемегенде)

7610 Алюминий метал құрылымы (9406 тауар жайғасымындағы құрастырмалы құрылыс метал құрылымынан басқа) және олардың бөліктері (мысалы, көпірлер мен олардың секциялары, башнялар, решоткалы мачталар, баспана үшін жабындар, құрылыс фермалары, есіктер мен терезелер және олардың рамалары, есіктердің табалдырықтары, балюстрадаалар, тіректер мен колонналар); табақтар, тоғандар, құбырлар мен

құрылыс метал құрылымдарына пайдалану үшін қалайыдан жасалған ұқсас бұйымдар

8005 Қалайы фольгасы (негізсіз немесе қағаздан, қатырма қағаздан, пластмассадан немесе ұқсас материалдан жасалған негізі бар), қалыңдығы 0,2 мм-ден аспайтын (негізін есептемегенде), ұнтақтар мен қалайы қабықтар

8007 Қалайынан жасалған басқа бұйымдар

8203 Егеулер, қылауықтар, түрпілер, қысқаштар (тістеуікті қоса алғанда), атауыздар, пассатиждер, пинцеттер, іскектер, метал кесу үшін қайшылар, құбыр кесу құрылғысы, болт кесетін қайшылар, тескіштер мен осыған ұқсас қол аспаптары

8205 Қол аспаптары (алмас шыны кескіштерді қоса алғанда) басқа жерде аталмаған; дәнекерлегіш шамдар; іскенжелер, қыспақтар мен білдектердің керек-жарақтары мен бөліктерінен басқа осыған ұқсас бұйымдар, төстер, қозғалмалы ошақтар, тірек рамалары бар қол немесе аяқ жетектерімен қажақты дөңгелектер

8303 Брондалған немесе армирленген сейфтер, банк қоймалары үшін беріктелген контейнерлер мен есіктер, банк қоймаларында құндылықтарды қауіпсіз сақтау үшін жабылатын жәшіктер, ақша мен құжаттарды сақтауға арналған арнайы жәшіктер және қымбат емес металдардан жасалған ұқсас бұйымдар

8304 Досье шкафы, іс қағаздары, картотектер, мөрлерді сақтау үшін жәшіктер, қағаздар үшін лотоктар мен қағаз қойғыштар және 9403 тауар жайғасымындағы кеңсе жиһаздарынан басқа қымбат емес металдардан жасалған кеңселік немесе канцеляриялық осындай жабдықтар

8311 Қымбат емес металдардан немесе метал карбиттерінен жасалған жабынмен немесе флюс материалдарынан жасалған өзекті дәнекерлеу, соның ішінде қатты дәнекерлеу металдарды немесе метал карбиттерінен пісіру немесе тұндыру үшін пайдаланылатын сым, тоғандар, құбырлар, пластиналар, электродтар мен ұқсас бұйымдар; бүркумен металдандыру үшін пайдаланылатын қымбат емес метал ұнтақтарынан пісірілген сым және тоғандар

8415 Ылғалдылығы бөлек реттелмейтін конденционерлерді қоса алғанда двигателі бар желдеткішпен және температура мен ауа ылғалдылығын өлшеуге арналған аспаппен жабдықталған жабдықталған ауаны кондиционерлеу үшін пайдаланылатын қондырғылар

- 8418 Тоңазытқыштар, мұздатқыштар және басқа да тоңазытатын немесе мұздататын электрлік немесе басқа тұрпаттағы жабдықтар;  
8415 тауар жайғасымының ауа конденционерлеуге арналған қондырғыларынан басқа жылу насостары
- 8419 Тұрмыстық мақсатта пайдаланылатын машиналар мен жабдықтарды қоспағанда температураның жылыту, пісіру, қуыру, дистилляциялау, ректификациялау, стерилизациялау, пастерлеу, булау, кептіру, құрғату, кондинсерлеу немесе суыту сияқты өзгеруін пайдаланып материалдарды өңдеу үшін электрлік немесе электрлік емес жылытумен машиналар, өндірістік немесе лабораториялық жабдықтар
- 8422 Ыдыс жуатын машиналар; бөтелке немесе басқа ыдыстарды жуу немесе құрғатуға арналған жабдықтар; бөтелке, банкаларды тығындау, жәшіктерді, қаптарды немесе басқа ыдыстарды жабуға, оларды мөрлеуге немесе этикеттеуге арналған жабдықтар; бөтелке, банка, түтікшелерді (тубиктерді) және ұқсас ыдыстарды ауа кірмейтін етіп қалпақшалармен тығыздауға арналған жабдықтар
- 8423 Өлшеуге (сезімталдығы 0,05 г немесе одан жоғары таразылардан басқа) тауардың массасын есептеу мен бақылау қондырғыларымен жабдықталған таразыларды қоса алғанда арналған жабдықтар
- 8424 Механикалық (қолмен басқарылатын және онысыз) сұйықтар мен ұнтақтарды шашырататын немесе бүркетін құрылғылар; зарядталған немесе зарядталмаған өрт сөндіргіштер; пульверизаторлар және соған ұқсас құрылғылар; бу сорғалатқышты немесе құм сорғалатқышты және соған ұқсас лақтыру қондырғылары
- 8427 Айырлы ұстатқышы бар өздігінен жүк артқыштар; көтергіш немесе арту-түсіру жабдықтарымен жабдықталған өзге де жүк артқыштар
- 8428 Көтеру, орнын ауыстыру, арту немесе түсіру (мысалы, лифтерді, эскалаторларды, конвейерлерді, арқан жолдарды) үшін машиналар мен құрылғылар
- 8440 Брошурлейтін машиналарды қоса алғанда түптеу жабдықтары
- 8456 Материалды лазерлік немесе басқа жарықтық немесе фотондық сәулелермен, электр разрядты, электр химиялық,

- электронды-сәулелік, ионды-сәулелік немесе плазмалық-доғалық жолмен кез келген материалдарды өңдеуге арналған станоктар
- 8461 Ұзыннан сүргілеу, көлденең сүргілеу, қашау, ұзарту, тіскесу, тісажарлау, немесе тісөңдеу, аралау, кесу білдектері және басқа жерлерде аталмаған материалды кесу аспаптарымен келтіру жолымен металдарды немесе металкерамикаларды өңдеуге арналған белдіктер
- 8462 Металдарды (престеуді қоса алғанда) көлемді қалыппен, соғумен немесе қалыптап өңдеуге арналған машиналары; металдарды ию, жиектеп ию, түзу, кесіп тесу немесе кесіп алып өңдеуге арналған машиналар; металдарды немесе карбит металдарды өңдеуге арналған жоғарыда аталмаған престер
- 8467 Пневматикалық, гидравликалық немесе жеке электрлік емес двигательдері бар қол аспаптары
- 8470 Деректерді калькулятордың функцияларымен жазуға, жаңғыртуға және көрініспен беруге арналған калькуляторлар мен қалта машиналары; бухгалтерлік машиналар, пошта маркілеу машиналары, билет аппараттары және басқа осыған ұқсас есептеу қондырғылары бар машиналар; кассалық аппараттар
- 8471 Есептеп шығару машиналары мен олардың блоктары; магниттік немесе оптикалық оқитын қондырғылар, деректерді ақпарат тасымалдауышқа кодталған нысанда ауыстыратын машиналар мен басқа жерлерде аталмаған осыған ұқсас ақпараттарды өңдеу машиналары
- 8472 Кеңселік жабдықтар (мысалы, гектографикалық немесе трафареттік көбейткіш аппараттар, атаулы машиналар, банкнот беруге арналған автоматты құрылғылар, тиын сұрыптау, есептеу немесе қаптауға арналған машиналар, қарандаш ұштауға арналған машинкалар, перфарациялық машиналар немесе бекітуге арналған машиналар
- 

АЭА аумағында осы ережедегі қызметтердің негізгі түрлеріне сәйкес АЭА құру мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті тауарлар мен жабдықтарды қайта өңдеу мен қолдану, пайдалану, сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операцияларды жасауға жол беріледі.

## **6. Шетел азаматтарының АЭА аумағында болу тәртібі**



13. АЭА аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен және халықаралық шартымен белгіленген шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының кіру, шығу, транзиті және болу тәртібі қолданылады.

## 7. Қорытынды ережелер

14. Осы Ережемен белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертіле алады.

15. АЭА "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңымен көзделінген негіздер бойынша таратылады.

16. АЭА тарату ресімін Атқарушы орган жүзеге асырады.

17. АЭА таратылуы кезінде құрылған мерзімінің бітуімен байланысты Атқарушы орган:

көрсетілген мерзімнің бітуіне кемінде үш ай қалғанда бұқаралық ақпарат құралдарында АЭА-ның алдағы уақытта таратылатындығы, оның таратылуына байланысты өтініштер мен талаптарды қабылдаудың тәртібі мен мерзімдері туралы хабарландыру жариялайды;

АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға оның аумағындағы тауарларды өзге кедендік режимге қайта ресімдеуді түсіндіруді қамтамасыз етеді;

хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай өткеннен кейін Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне АЭА қызметінің нәтижесі туралы есеп береді.

18. АЭА Қазақстан Республикасының Жарлығымен мерзімінен бұрын таратылған жағдайда ресім осы Ереженің 17-бабымен көзделген ресімдер сақтала отырып, кемінде алты ай мерзім бұрын аяқталуы тиіс.

19. Осы Ережемен реттелмеген АЭА-тың қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы " \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

№ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ Ж а р л ы ғ ы н а

2-қосымша

## 8 кіші бағдарлама. "Ақпараттық технологиялар паркі"

арнайы экономикалық аймағын құру және дамыту

Қазіргі уақытта көптеген елдер негізгі сипаттамасы ақпараттық өнімдер мен қызмет көрсетулері елдің ішкі ұлттық өнімінде артықшылықты болып табылатын ақпараттық қоғамға тездетіп көшуді жүзеге асыруда. Осыған байланысты қазіргі заманғы жағдайларда ақпараттық технологиялар саласында технологиялық өрлеуді қамтамасыз ету Қазақстан үшін көкейтесті болып табылады. Бұл ғылыми, технологиялық, техникалық және қаржылық ресурстарды ақпараттық өнімдерді өндіру жөніндегі ірі ғылыми-техникалық кешенге шоғырландыру есебінен орындалуы мүмкін.

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын (бұдан әрі - АЭА )

қ ұ р у д а ғ ы

м а қ с а т :

ақпараттық өнім өндірісі және қызмет көрсетулерді әлемдік стандарттар деңгейінде қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми-техникалық кешен құру;  
келешекті зерттеулер нәтижелерін өндіріске тездетіп беру жолымен ақпараттық технологиялар деп аталатын сыни маңызды ғылыми-техникалық бағытты кешенді дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы ақпараттық өнімдер өндірісінің жай-күйін талдау негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Республикадағы компьютерлік жабдық өндірісі саласында ұлттық рыноктың қажетін толықтай қанағаттандырып отырған "ағытпалы" деп аталатын өндіріс жеткілікті жоғары деңгейде жолға қойылған. Мониторлар мен компьютерлердің өнеркәсіптік өндірісінің үлгілері бар.

2. Телекоммуникациялық жабдықты өндіру саласында бұл сала дамудың бастапқы сатысында деп айтуға болады.

3. Қазақстанда жүйелік және тораптық бағдарламалық өнімдер мүлдем әзірленбейді және өндірілмейді.

Қазіргі уақытта біздің елімізде ақпараттық технологиялар саласында технологиялық өрлеуді қамтамасыз ету көкейтесті болып табылады. Бұл ғылыми, технологиялық, қаржылық ресурстарды ақпараттық өнімдерді өндіру жөніндегі ірі ғылыми-техникалық кешенге шоғырландыру есебінен орындалуы мүмкін.

Бұл мәселелер мынадай жолмен шешіледі:

1) СЭС-тің арнайы экономикалық аймағының озық ақпараттық инфрақұрылымын құру ;

2) Ақпараттық технологиялар саласында жоғары білікті кадрлар дайындау және қайта даярлау ;

3) Мына бағыттар бойынша ақпараттық өнімдер өндіру жөнінде технологиялық желілер құру ;

жетекші өндірушілердің бағдарламалық өнімдерін мемлекеттік тілге жергіліктендіру ;

стратегиялық маңызды салалардағы математикалық үлгілеу процестерінің қолданбалы жүйелерінің бағдарламалық өнімдері;

қоғамдық өндірістің басты салаларындағы, мемлекеттік басқару органдарындағы интернет/интернет жүйелерінің бағдарламалық кешендері;

ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ақпараттық (аппараттық және бағдарламалық) өнімдері;

Интернетке жаппай қол жеткізудің жаңа телекоммуникациялық технологиялары;

4) Информатика мен байланыстың қазіргі заманғы экспортқа бағытталған және импорт алмастырушы бағдарламалық және техникалық құралдарын өндіру.

Кіші бағдарламаның іске асырылуы ақпараттық өнімдер саласындағы келешекті зерттеулер нәтижелерінің өндіріске тездетіп берілуін және, салдары ретінде:

мемлекеттік басқару мен ұлттық қауіпсіздік міндеттерін шешу үшін, аймақтық аумақтық кешендерді жоспарлау және басқару үшін, экологиялық мониторинг міндеттері үшін, табиғи ресурстарды, жерді ұтымды пайдалану, навигация, геодезия және картография жай-күйі үшін қазіргі заманғы геоақпараттық жүйелер мен технологияларды құру және дамыту;

телекоммуникациялар саласында жаңа ақпараттық технологиялар әзірлеу және енгізу және микропроцессорлық техниканы қолдана отырып, қазіргі бар аппараттық б а з а н ы ж а ң а р т у ;

ақпараты қорғаудың отандық бағдарламалық-аппараттық құралдарын әзірлеу және ө н д і р у ;

көлік, энергетикалық және мұнай-газ кешендеріндегі технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу сияқты қолданбалы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуын қамтамасыз етеді.

Кіші бағдарламаның орындалу мерзімі - 2004-2005 жылдар.

Негізгі қаржы көздері - республикалық бюджет.